

БАЛАЛАР ҰЖЫМЫНДАҒЫ
ОҚШАУЛАНУ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

ОРЫНДАҒАН: БҮРГЕҒҰЛ ЛАЗЗАТ



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. Психология ғылымындағы изоляциялану, оқшаулану, топтан тыс қалған ұғымдарына талдау

1.1 Қарым - қатынастың адам психикасының дамуына әсері

1.2 Қарым-қатынас жасаудың бірқатар қиыншылық сипаттары

2. Ұжымнан баланың изоляциялану себептерін эксперименттік зерттеу

2.1 Ұжымнан изоляцияланудың алдын-алу жолдары

2.2 Оқшауланған баламен жеке даралық жұмыс жүргізу ерекшеліктері

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ҚОСЫМША



Кіріспе

Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Баланың жастайынан айналасындағылармен қатынас жасауы, өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алудың, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгерудің, балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуының негізгі тірегі деп қарастырсақ, онда олардың қарым-қатынас жасауын жақсарту аса қажет болып табылады.



1. Психология ғылымындағы изоляциялану, оқшаулану, топтан тыс қалған ұғымдарына талдау

1.1 Қарым - қатынастың адам психикасының дамуына әсері

"Әлеуметтік изоляция", "оқшаулану", "ұялшақтық" - жалғыздыққа душар болған адамның жағдайын сипаттайтын терминдердің бірі. Әлеуметтік қобалжу, қоршаған орта алдындағы қорқыныш, қауіптенушілік сезімі - семантикалық жағынан жақын түсініктер.

Түсіндірмелі сөздіктерде "изоляция" ұғымы медициналық және құқықтық терминологиялық мағынада түсіндіріледі. "Изоляция" - термині ауру адамды немесе қылмыскерді әлеуметтік ортадан мүлдем бөлектеп тастаумен сипатталады.



Қарым-қатынас - жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады.



1.2 Қарым-қатынас жасаудың бірқатар қиыншылық сипаттары

Мінез-құлқында қиыншылығы бар оқушыларды әдетте 2 топқа бөліп қарастырады:

- 1) тән кемтарлығы және жан жарақаты бар оқушылар;
- 2) отбасында, мектепте шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар.



Әрбір адамның, әрбір ұжымның немесе ұйымның, әрбір елдің бүкіл ғұмыры қарама-қайшылықтардан құралған. Мұндай қарама-қарсылықтардың табиғатын әртүрлі адамдардың әрқилы позицияларды ұстануына, әртүрлі қызығушылығы бойынша жетекші болуына, әртүрлі мақсатқа жетуге талпынуына байланысты өзінің қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және мақсаттарын жүзеге асыруда бір-бірімен екі немесе одан да көп индивидтердің қарама-қарсы қақтығысқа жиі түсуімен түсіндіруге болады. Кейде бір-бірінің арасында туындаған қақтығыс тек бір ғана адамға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік топқа, кейде мемлекетке де қарсы күреске түсуі мүмкін.



2. Ұжымнан баланың изоляциялану себептерін эксперименттік зерттеу

2.1 Ұжымнан изоляцияланудың алдын-алу жолдары

"Маскалар" тесті

Бұл тестілеуде **5-10 жас** аралығындағы балаларды зерттеуге болады.

Стимулды материал: Ақ қағазға салынған 4 түрлі маскалар жинағы: көңілді, көңілсіз, біреуді мұқатқандай және бағынышты көңіл-күй бейнеленген.

Нұсқау: Мына бет бейнелерге мұқият қара. Сен топтағы құрдастарына қандай бет пішінмен қарар едің? Ал сен әдетте кімге былай қарайсың? Қайсы бала саған жиі былай қарайды?

Тесттің жүргізілуі: 4 масканы қатарластырып баланың алдына қояды. Бірінші сұрақта таңдап алынған маскадан кейін, балаға әр масканы кезекпен бере отырып сұрақ қояды: "Сен кімге бұлай қарайсың? Саған кім бұлай қарайды? т.с.с. Қандай жауап болса да қабылданады".

Нәтижені талдау: (Топтағы бал)

Баланың топтағы эмоционалды күйі (жақсы және нашар) бірінші сұраққа берілген жауабынан байқалады.



Бірінші кезекте әлеуметтік оқшаланудың бір түрі - балада қорқыныш пен қобалжу кезінде көрінетін ұяңдық. Оның мотивациясы әлеуметтік бағаға деген қорқыныш сезімімен байланысты. Әлеуметтік оқшауланудың келесі формасы - тұйықтық. Мұның мотиві болып жаңа жағдайға және әлеуметтік бағаға деген қорқыныш сезімі табылады. Бұл жақындау және алшақтау мотивтерінің күресі негізіндегі құрылған ішкі конфликт.

Ерте шақта бала мінезіндегі тежелу, яғни басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуден бас тартуға тырысушылық зерттеулер көрсеткендей оның темпераментінің ерекшелігіне байланысты, әрі темпераментінің бауыр басу типімен өзара әрекет функциясына тәуелді болады.



Қорытындылай келе, сыныптан оқшауланған балаларға психологиялық көмек көрсетпес бұрын, оқшауланған баланы анықтап алу, оның ұжымнан шектелу себептерін жан-жақты анықтап алу міндеті тұрады.

Балалар ұжымынан оқшауланған оқушылармен жұмыс жүргізу бастамасы оның себебінен туындаған конфликтіні шешудің психологиялық-педагогикалық жолдарын ашудан басталады.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!!!**

